# НҰРА

№38 (5069) сенбі,
25 қыркүйек 2008 жыл

Газет 1963 жылдың 4-ші ... бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

# Мерейтойыңмен, нұрлы НҰРА
# С юбилеем, родная

## Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді ауданымыздың 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен қызу құттықтаймыз! Сарыарқаның бел ортасында орналасып, даму тарихын 1928 жылдан алатын Нұра ауданы тәуелсіздік жылдары ерекше үрдіспен дамып, облысымыздың астықты өлкесіне айналды. Ауданымыздың республикаға мәлім болған ірі де іргелі шаруашылықтары мыңғырлаған мал өрбітіп, қоймаларына миллиондаған пұт алтын астық құюда.

Топырағы ауыл шаруашылығы үшін ғана емес, жалғасқан ұрпақтары үшін де ерекше құнарлы, халқымыздың талай біртуар ұлдарын дүниеге әкелген Нұра өңірі кезінде алтын құрсақ атанып, есімін елі қадірлеген талай азаматтарды жұртына танытқан. Бүгіндері ауданда тұрғындардың әлеуметтік жағдайы күннен күнге жақсаруда. Мұның бәрі – Нұра өңірінің болашағы бүгінгіден де жарқын екендігінің айқын дәлелі.

Алқабы дәнге, қойыны қазынаға , атырабы төрт түлік малға толы кең байтақ жеріміз, бақуатты өмір, баянды тұрмыс кешіп жатқан халқымызды туған жеріміздің мерейлі тойымен құттықтай отырып, баршаңызға береке-бірлік, бақ-дәулет тілейміз.

**Нұра ауданының әкімі С.ШАЙДАРОВ**
**Аудандық Мәслихат хатшысы Е.ТҰРАНОВ**

## Құрметті нұралықтар!

Арқаның төсінде орналасқан берекелі де ырысты Нұра ауданы - өткені мен бүгіні де тарихқа аса бай.

Облысымыздың, тіпті республикамыздың ең астықты тірегіне айналған ауданның шаңырақ көтергеніне 80 жыл толу мерекесі – нұралықтардың ғана емес, бүкіл облысымыздың өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі.

Алтын астықтың қара шаңырағы саналатын осы өлкеде тың жерлерді игеру ауыл шаруашылығын өрге бастыруды жеделдетудің шешуші факторы болды. Бұл жылдары ауданда 7 ірі жаңа шаруашылықтар құрылды. Соның нәтижесінде астық өндіру мен оны өңдеу екі есеге дейін артты. Ауданның ірі де іргелі шаруашылықтары өрісте мал өрбітіп, қоймаларына миллиондаған пұт алтын астық құюда.

Нұра ауданы бүгіндері Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатына орай, ел бірлігі мен ұлт тұтастығына елеулі үлес қосып келе жатқан киелі қоныс. Арғы замандарда-ақ ата-бабаларымызға құтты мекен болып, бүгінде жүзден аса ұлт пен ұлыстың ұйытқысына, ырыс-берекесіне айналған Нұра ауданы – жаңару, жаңғыру үстіндегі өңір.

Сексен жылдық тарихын маңдай терімен жазған нұралықтарды осы торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймын!

Баршаңызға бейбіт өмір, берекелі еңбек тілеймін! Мерейтой құтты болсын!

**Қарағанды облысының әкімі Нұрлан НЫҒМАТУЛИН**



**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, мемлекет және қоғам қайраткер Оралбай ӘБДІКӘРІМОВ:**

**Нұра – менің мақтанышым!** Мен, еңбекпен өрілген жұртыммен, ынтымағы жарасқан елиммен мақтанамын! «Тарихында елімнің талай – талай, тарландары Нұраның ту ұстады» деп ақын жырлағандай, нұрлы да берекелі ел – Нұра топырағы халқымыздың талай біртуар ұлдарын дүниеге әкелген. Нұра өңірінде туып-өскен есімі елге кеңінен танымал ақын-жазушылар, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері бүгінде нұралықтардың ғана емес, еліміздің мақтанышы.

**Нұра – менің балғын балалық шақтарым, алаулаған жастығым!** Әр адамның туған жері – бәрінен қымбатты. Мен Нұра топырағында өсіп, суын ішіп, ауасымен тыныстадым. Сары даласы дәнге, атырабы төрт түлік малға толы, көп ұлттың басын қосқан, мызғымас достықтың ордасы атанған, кең пейіл Нұра - маған үлкен өмірге жолдама берген құтты да киелі ата мекенім!

**Нұра менің сағынышым!** Төрткүл дүниенің қай жерінде жүрсем де де Сары-Арқаның сайын даласы мен Нұрлы Нұраның сары даласын бір сәтке де естен шығарғаным жоқ. Жүректің түкпірінде туған жерге деген сағыныштың оты маздап, қайта уақыт өткен сайын туған еліме деген перзенттік махаббатым оны одан сайын шымырлата түседі.

**Нұрғайша Жағанқызы УСАБАЕВА- Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі:**



Менің туып, есейіп-бойжеткен, өсіп-өнген, еңбек рахатына бөленген, бүгінде сол еңбектің зейнетін көріп, 70 жылдан астам табан аудармай тұрып жатқан құтты мекен- жерұйығым – нұрлы Нұра.

Сен бәрінен де нұрлысың, Атамекен! Нұр-жарық сәуле. Нұр – бет бейне. Нұр- жаңбыр. Ал жаңбыр – байлық. Жаңбыр жауып өткеннен кейін дүние жуылып ашылғандай, мөлдірлене, әсемдене, нұрлана түседі емес пе?! Ендеше, нұр - әсемдік, көркемдік.

Менің әсем де көркем туған жерім басын Ханкашты тауының оңтүстік-батыс сілемінен алатын Нұра өзенінің атауымен аталады. «Өзен жағалағанның өзегі талмас»,- дейді халық даналығы. Олай болса, ауданымыздың үлкен өзен бойында орналасуында сыр бар тәрізді. Өзен - өмір.

Сен менің өмірімсің, кең Далам! Аудан жері – ұсақ шоқылы, батысына қарай жазық келген ұлан байтақ шұрайлы қоныс. Ырысты, берекелі өлке. Астықты алқап.

Сен менің ардақтымсың, о Туған жер!

Көрген жанды өзіңе ғашық етіп, жасай бер, жаса, даласы- дархан, тарихы дастан, О Туған ел!**Ежелден елге құт-береке сыйлаған нұрлы Нұра, көркейіп, гүлдене бер!**

## Уважаемые нуринцы!

Районный филиал народно-демократической партии "Нұр Отан" сердечно поздравляет всех с 80 летием района!

Нуринский район - это одна из крупнейших житниц республики.Именно здесь обосновался 54 года назад штаб целинников заложивший первый фундамент и первую борозду сегодняшнего зернового локомотива хлебного края.

Исторически сложилось, что в течении многих лет на территории наших степей проживают люди разных национальностей. Наше главное богатство -это единство, сплоченность, межнациональное согласие.Нуринский район - это наш дом, наша семья.

Поздравляя всех земляков с этим знаменательным событием, желаем всем крепкого здоровья, новых трудовых успехов во благо процветания суверенного Казахстана.

**Районный филиал НДП"Нур Отан"**



**Петр Павлович НАЗАРКИН, ветеран труда,** практически вся его трудовая деятельность прошла на руководящих постах, последними из которых были должность редактора районной газеты и директора госархива Нуринского района, очень много писал о первоцелинниках, об истории района:

- **Нуринский район** - это житница области, которой был и есть одним из крупных зерновых районов республики. Эта космическая гавань, где приземлились 11 космонавтов. Это район многочисленных памятников старины и современности. Это родина дважды Героя социалистического Труда Николая Кузнецова, героев соцтруда Нуркена Айтуганова, И.Смагулова. Это земля и родина ученых и просветителей: А.Асылбекова, К.Айнабекова, К.Мукушева, С.Талжданова, К.Мынбаева.На территории Нуры жили и живут удивительные люди, умеющие трудиться, учиться,думать и мечтать.

**С юбилеем, мой родной район!**

**Район процветает с каждым годом и в этом большая заслуга людей. Эта большая заслуга акима района Серик Шайдаров, который в короткие сроки смог сделать небывалое, возродив строительство и осовременив районный центр .Новых, тебе, достижений, новых побед и благодарности потомков!**

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Дауылбай ҚҰСАЙЫНОВ:**



Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақстанды астықты елкеге, аграрлы аймаққа айналдырып, алтын дәнді молшылық пен берекенің бастауы жасаған сол жылдар – біздің ел шежіресіндегі өшпес өмірбаянымыз. Біз сол ортақ өмірбаянды кең байтақ қазақ жерінің әр шалғайда ерен еңбекпен жаздық»,-деп атап көрсеткен болатын. Шынында да тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы бүкілхалықтық аттаныстың егемен еліміздің даму тарихында алатын орны ерекше із қалдырды. Ғасырлар бойы тусырап жатқан тың даланы түлетудің нәтижесінде бұрын тек мал шаруашылығымен айналысқан Қазақстан астықты мемлекеттердің сапына қосылды. Қараған көмкерген, ақ селеу билеген қыраттарда ақ шаңқан үйлер бой түзеп, олардың қатары күн санап өсті. Сол кездегі заман талабына сай салынған мектептері мен ауруханалары бар, мәдениет үйлері бар үлкен ауылдарға айналды. Осынау бір жылдары Қарағанды облысы бойынша жаңадан 16 шаруашылық бой көтерсе соның жетеуі Нұра ауданының еншісінде. Сондай ауылдардың қатарына Пржевальское, Шахтер, Щербаковское, Индустриальный, Донской сияқты ауылдарды атауға болады.

Тың игеру жылдары үлкен ұйымдастырушылық қабілеттерімен кезге түскен А.Асқаров, И.Рогачев, А.Омаров, В.Вольф, И.Ткаченко, О.Намысов, К.Ниязов, Қ.Былқылов, Н.Угрюмов сияқты азаматтарымыздың есімін жергілікті бұқара халық әлі де ұмыта қойған жоқ.

Алдыңғы толқын ағаларымыздың шаруашылық басқарудағы тамаша үлгісін бүгінде Г.Прокоп, С.Нығметов, Ы.Тәттібаев, Д.Сыздықов, И.Дильман, С.Қоңырбаев, Қ.Отарбаев сынды ауылшаруашылығы өндірісін ұйымдастырушылардың бар екенін мақтанышпен айта аламыз.

Астық – бар байлықтың бастауы. Нан иісі аңқыған астықты өңір – Нұрамыздың жылдан жылға көркее берері анық!

Барлық жерлестерімді туған өлкеміздің мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

*Алаштың ардақтысы*

# Бетпақдаланы Жаннатдалаға айналдыруды армандаған Кәрім Мыңбаев

Шерхан МҰРТАЗА **«Егемен Қазақстан» газетінен**
6 қыркүйек 2006 жыл

1918 жыл еді. Ақмоланы Колчак басып алып, ондағы Кеңес өкіметін құлатып, оның басшыларын тұтқындап абақтыға салып, азап вагондарына жатқызып, ажал сәтін күттіріп қойған заман еді.

Сол вагонда әйгілі Сәкен Сейфуллин де жатып, одан қашып құтылып, Сарыарқаны бетке алып, Бетпақдаланы кешіп етіп, Әулиеатаға жетіп, ондағы Кеңес екіметінің басшысы Қабылбек Сармолдаевпен кездесіп, ажал құрығынан құтылғаны өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабынан белгілі.

Ал, сол Сәкендермен қоян-қолтық қызметтес болған Тұрсынбек Мыңбаев деген кісіні көпшілік біле бермес. Ол да Колчактың түрмесінен қашып шығып, Нұра бойында отырған туған-туысқандарын алып, үдере көшіп, Бетпақдаланы кешіп, Шу бойына жеткені де сол 1918 жыл еді.

Ол кезде Тұрысбектің туған інісі Кәрім небары он екі жаста болатын.

Әлі буыны бекімеген он екі жасар баланың миына Бетпақтың әсіре азап жолы мәңгі өшпестей болып, қашалып жазылып қалып еді ғой.

Кейін-кейін, қырқыншы жылдардың екінші жартысында сұрапыл соғыстан соң, сол шақтағы үлкен ғалым Кәрім Мыңбаев өзінің бетпақ жорығын бастайды.

Құрамында он бес шақты адамы бар бұл экспедиция Алматыдан шығып, Шудың бойын сағалап, Мойынқұмды жағалай, «Көкпектен басқа шөбі жоқ, көкектен басқа құсы жоқ» Бетпақтың шөліне қарай қасқая тартып жөнелді дейсің.

Кәрім Мыңбаев негізгі нысанаға Бетпақдаланы ала отырып, жол-жөнекей көзі көрген, көкейіне түйген Мойынқұмды ескерусіз қалдырған жоқ. Мойынқұмның қадір-қасиетін асқақтата отырып, оның болашақ тағдырына да алаң болды.

Өйткені, сол кездің өзінде-ақ Мойынқұм байлығын жабайыларша тонау әрекеттері белгі беріп қалған еді.

Құдай Мойынқұмды ерекше жаратқанда, жерінің беті тұнып тұрған сексеуіл еді. Сексеуілге құдірет тас көмірдей күшті қызу берді. Сол қасиеті өзінің соры болғандай еді.

Оның басты қасиеті – бағалы отын болуы өз алдына арасы тұнып тұрған отжайылым ғой. Алапат жұт жылдардың өзінде Мойынқұм мыңдаған мыңғырған малды аман алып қалып, асырай алады.

Түгін тартсаң май шығатын қайран бай Мойынқұм! Не жоқ бұл Мойынқұмда! Мойынқұмның ауданына кірігіп жатқан тұсынан қазір табиғи газдың мол көзі ашылып, күллі аймақты көгілдір отынмен қамтамасыз етіп отыр.

Баяғы өзімізден қалған Жиделібайсынның газын өзбектерден қымбатқа сатып алуға мәжбүр болған облыс енді өз байлығына өзі молықты да қалды.

Бұл газдың қозы көрген тізбегі Мойынқұм Таластан басталып, сонау шалғайдағы Созақтың арғы шетіне дейін созылып жатыр.

Қозы көген тізбектер шетінен игеріле берсе, Мойынқұм-Талас газын көрші қырғыздарға да сатып шекаралас Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарын да қамтамасыз етіп, отын мәселесін түпкілікті шешетін боламыз.

Ал сол Мойынқұмның қадірін қасқалдақтың қанындай қастерлесек керек Сексеуілдің арасындағы сан түрлі өсімдіктердің ішінде «Сұңғыл» дейтіні де болады. Оны кейде жалпақ тілмен «қасқыр тасақ» деп те айтады.

Соңғы жылдары сол сұңғылаға қытайлар сұғын қадап алған көрінеді. Жергілікті адамдарға аздаған ақысын беріп сұңғыла тамырын жинатады екен. Сөйтіп оны өз еліне жеткізген соң өте құнды дәрі шығарады. Оны біз жүз есе қымбат бағамен алып жатуымыз да ықтимал.

Ондай қымбат дәріні қытай көршіміз Бетпақтағы мыңғырған ақ бекендердің текелерін атқызып, оның мүйізінен де жасап, қып-қызыл алтынға қолдарын малып отыр.

Осыншама ен байлықтың мұұртымыздан тамшылап ағып, ауызымызға түспей кетіп жатқаны –ай.

Кәрім Мыңбаев Мойынқұмның байлығына тәнті бола отырып, оның болашағына алаңдаған нағыз отансүйер азамат еді.

Обалы не керек, ол ескертті: «Егер осыдан сексеуіл топас жабайылықпен тонала беретін болса, онда көп кешікпей құм көшкіні басталады»,- деді Кәрім.

Сусылдақ құмды ұстап тұрған сексеуіл! Сексеуіл кетсе – құм көшеді. Сөйтіп, елді мекендерді тіпті Әулиеата шаһарын да құм басып қалады деп ескертті.

Құдай сақтап, әзірше елді мекендер құм шабуылынан аман. Бірақ ауылдарпдың іргесіне жақындағаны рас.

Осы біз неге бейбақпыз?! Құдай бізге байлықты аямай берді. Жер асты толған мұнай. Бірақ ел игиігілігіне жаралуынан, тоналуы көп.

Осындай мұнайы бар, қып-қызыл құмның үстінде отырған араб елдері жаңа туған балаға мұнайдың есебінен шот ашып,жинаққіпатшасына ақша аударып жатады.

Кәмелетке жеткенде дайын байлыққа ие болады. Үйлі-жайлы болады. Халықтың сапалы саны көбейеді.

Ал мұнай теңізінің үстінде отырған біздің елде әсіресе, көктемгі егін егу науқанында: жазда, күзде егін ору кезінде жанармай мен жағар майдың бағасы шарықтап қымбаттайтыны несі екен?

Дәл осы тұста шаруаның маңдай тері мен көз жасына суарылып жиналған астықтың бір килосы 12 теңге болғанда, бір кило бензиннің бағасы 80 теңгеге дейін көтерілетіні несі екен?

Жұмбақ әрі әділетсіз дүние.

Елімізде жаңа туған балаға шот ашып, мұнай байлығының есебінен ақша аударып отыратын күн туар ма екен біздің мемлекетте?

Өзің алтын сандықтың үстінде отырсаң да, халқыңның өсімі аз болса, бала табуға мүмкіндігі бар әйел заты қысыр жылан сияқты сұмаң-сұмаң, сидаң жүрсе, түбінің қайырын берсін, әлдеқандай заман болмақ?! Жан-жағымыз алпауыттар ғой...

Үкімет өң байлықты жан-жаққа бей-берекет шаша бергенше тізгінді өз қолына алса қайтеді?!

* * *

Жол-жөнекей Мойынқұмның зәру мәселелерін алға тартқан Кәрім Мыңбаев негізгі нысана - Бетпаққа табан тірегенде ел мүддесін көздеген аса ірі ғалым ретінде алдына мынадай мақсат қойды.

-Бетпақдаланы қалайда гүлдендіру керек. Адам баласының осы дүниедегі жұмақ-жаннатына айналдыру керек.

- Ол үшін ең керегі су!

Ғылым мен Еңбек қоян-қолтық бірлесіп қимылдаса алынбайтын қамал жоқ. Сондықтан Бетпақты суландыру керек. Судың негізгі көздері:

Ертіс! Іле! Шу! Талас! Сарысу!

Сырдария! Балқаш!

Былай қарасаң – қиял дүние. Мысалы, Ертіс қайда. Бетпақ қайда? Сырдария қайда?

Ол – ол ма! Кәрім Мыңбаев Бетпақдаланың астында судың мол қоры бар екенін білген, бетпақтың астындағы суды жүздеген құдықтар арқылы жердің бетіне шығаруды мақсат тұтқан.

Кәрім Мыңбаевтың бұл болжамын кейінірек ғалым Уфа Ахметсафин қуаттап, Бетпақтың асты телегей теңіз деген жаңалық ашты.

Уфа Ахметсафин осы саланың маманы. Ал Кәрім Мыңбаев болса арнайы білімі жағынан тек агроном ғана ғой. Бетпақтың жерасты толған су екенін ол қайдан білген?!

Дарынды адамдар тек диплом бойынша алған біліммен тоқтап шектеліп қалмайды екен ғой. Әйтпесе, институт, университет дегендер жүздеген, мыңдаған агрономдар оқытып шығарып жатыр. Қайда солардың шеттерінен ашып жатқан жаңалықтары? Ғылымға қосқан үлесі барлары, жаңалық ашып жатқандары бар болса, іллуде біреу ғана шығар.

Сонау 1918 жылы нұрлы Нұра бойынан Колчактың екпінінен қашып шыққан үдере көштің ең кішкентайы – небары он екі жастағы бала Кәрімнің балғын миына осынау Бетбақдаланың әзірейілдей –сұп-сұр бейнесі өшпестей болып жазылып қалғаны-ай десеңізші!

Сол сұрқай сурет өсе келе өмір бойы оның көз алдынан кетпей, көңілінен шықпай қойды ғой.

- Мүмкін емес,- деді өсе келе, - тұтас бір мемлекет сыйып кететін ұланбайтақ Бетпақтың соншалықты сұрықсыз болуы мүмкін емес.

Онда мыңдаған ақбөкен сол шөлде неғып жүр? Қалай жайылым тауып, қайдан су ішіп жүр?

Осындай сұрақтар тыным таптырмай, Кәрім Мыңбаевты ақыры тыңғылықты зерттеу сапарына алып шығып еді ғой. Сол кездегі Жұмабай Шаяхметов, Нұртас Ондасынов басқарған үкімет оның бұл жоспарын құптап, оң сапар тілеп еді.

Бірақ, бұл сапарға шүбә келтіргендер де болды. Ауыл шаруашылығы министрінің бір орынбасары Кәрім Мыңбаевқа:

- Сендердің Бетпақдалада адасып, азып-жазып, қаңғырып жүретін экспедицияларың сондай қандай өнім бермекші? – деп кекесін сұрақ қойды.

Кәрім Мыңбаев тайсалмастан:

- Біздің станция ешкім ешуақытта беріп көрмеген өнім өндіре алады – деп шорт кесіп жауап береді.

Осы жерде сәл шегініс жасап, Бауыржан Момышұлының Кәрім Мыңбаев туралы өз құлағыммен естіген сөзін еске түсіре кеткім келеді.

1956 жылы Баукең әскери қызметтен біржолата босап, Алматыдағы Калинин көшесі мен Фурманов көшесінің бұрышындағы азық-түлік дүкенінің үстіндегі құрқылтайдың ұясындай ғана екі бөлмелі үйінде тұрып жатқан. Сол кездегі «Лениншіл жас», (қазіргі «Жас Алаш») газетінің қызметкерлері Саттар Белдекбаев, Тельман Жанұзақов, Хайдолла Тілемісов, Кәкімжан Қазыбаев бәріміз жиналып алып, Алматыға жаңадан келген Баукеңе сәлем бере барамыз. Бұған бір жағынан себепші «Лениншіл жаста» бізбен бірге жұмыс істейтін Баукеңнің бәйбішесі Жамал апай.

Дастарқан басында әңгіме қыза береді.

Неше алуан әңгіме арасында Баукең өзінің жандай жақсы көретін досы, рухани досы Кәрім Мыңбаевты еске алар еді.

Соғыс кезінде Кәрім де майданда болған. Бірақ республика басшыларының өтінішімен Жоғары Бас Қолбасшының рұқсатымен Кәрім Мыңбаев елге оралған. Алда оны аса зәру жұмыстар күтіп тұр еді.

Сөйткен асыл ер 1948 жылы қайғылы қазаға ұшырады.

Осыны айтып Баукең тас-түлкетей тұнжырап, үнсіз отырып қалатын.

-Иттер өлтірді Кәрәмді!- деп шылымның түтінің будақтата үсті-үстіне тартып барып басылатын.

Кім өлтірді, неге өлтірді – бізге беймәлім жұмбақ. Сұрайық десек, батпаймыз. Ашу үстінде Баукеңнің қаһарына ұшырама.

Біреуін Құдай Тәңіртаудың бауырында таратып, біреуін Сарыарқадағы сұлу Нұраның бойында туғызып, екеуін айнымас дос еткен жаратушы құдіреттің әміріне құлдық.

* * *

Кәрім Мыңбаев бастаған экспедиция Бетпақдаланы 1947 жылдың жазында әрі де, бәрі шарлап шығып, зерттейді.

Сөйтсе, «көкпектен басқа шөбі жоқ» дейтін Бетпақта неше алуан шөп өседі екен. Баялыш та осында, изен де осында. боз жусан да бар. Еркек, ақселеу, ебелек, күйреуік, терісken, қараған, ақ ши. Тіпті торанғы деген көлеңкесі көлдей, бұтақтары шаңырақтай ағаштар өсетінін қайтерсің...

Осының бәрін өз көзімен көріп, өз қолымен ұстаған Кәрім Мыңбаев:

- Бұл Бетпақдала емес!

Бұл Бақдала! – деп бар әлемге жар салады.

Бақ далада миллиондаған мал өсіруге болады. Мол өнімді егін салуға да болады. Ала білген адамға даланың асты шалқыған теңіз. Оған қоса Кәрім сонау Ертістен бастап өзендердің бәрінің бетін Бақдалаға бұрмақ.

Бетпақтың көлемі қанша?

Оңтүстіктен Солтүстікке қарай 400 километрге. Шығыстан Батысқа қарай 450 километрге созылады.

Осының бәрі игерілсе ғой, шіркін!

Бетпақдалада Кәрім Мыңбаев заманында мың –мыңдаған ақбөкендер жайылып жүрер еді.

Қайда қазір сол мың-миллион?!

Қырылды! Адамдардың айуандылығынан, қорқаулығынан, тойымсыздығынан қырылды. Адамдар машинамен қуалап жүріп атқанды азырқанып, аспаннан тікұшақпен жүріп атқанды шығарды.

Қырылудың ең басты себебі – Бетпақдаланы кеулеп кеткен Ресейдің әскери полигондары! Балқаш теңізінен бастап, сонау Нарын құмға дейін, Азырға дейін созылып жатқан полигондар тізбегі. Ракеталардан уланған дала, уланған өсімдік, уланған киіктер!

Осындай зұлматтан кейін де кейбір ерікken бастықтар тікұшаққа мініп, киіктің қалған-құтқанын атып алмақшы. Киіктің қарғысынан тікұшақтан құлап, мертіккендері де бар.

1948 жылы билікке жағымпаз академик Трофим Лысенко 60-қа толып, Мәскеуде ұлан-асыр той өткізбек болады. Сол тойға Қазақстаннан Кәрім Мыңбаев та шақырылады. Мінгені инеліктей ұшақ екен. Балқаш қаласына жетіп қонып, май құйып алып, аспанға қайта көтеріліп, Мәскеуге бет ала бергенде әлгі кішкентай самолет әуеде кенет тарс жарылып кетіп, күл-талқаны шығады.

Қайран да қайран Кәрім Мыңбаевтың бір түймесі ғана табылса керек.

Кеиін-кейін Бауыржан Момышұлының - Иттер өлтірді оны! – деп тістенетіні сондықтан. Жұмбақ өлім. Сол күйінде себебі ашылмай кеткен екіністі өлім.

Егер ол тірі болғанда Бетпақдаланың Бақдалаға айналуы мүмкін бе еді, жоқ па еді?

Кім біледі...

«Елдің бойы ен тоғайға мал толтырсам дер едім..» - деп армандаған екен баяғыда ақын бабамыз Кәрім де сол ақынның серігі еді.

Кәрім Мыңбаевтың экспедициясы көптеген жаңалықтар ашып, үлкен табыстармен, алдағы зор жоспарларымен Алматыға оралмай ма.

Сөйтсе сырнайлатып, кернейлетіп қарсы алу жоқ. Қуанышты құттықтаулар аса білінбейді.

Бұл салқындықтың салдары мен себебі, сейтсе, Мәскеуде жатса керек. Мәскеу сол кезде атом бомбасын дайындап, енді оны сынақтан өткізетін жер іздемей ме. Бүкіл Кеңес Одағынан Қазақстаннан басқа лайықты орын табылмайда. Сынаққа Семей облысындағы Абыралы ауданы, оның төңірегі лайықты деп шешіледі.

Сонымен бірге аспанның алапат қарулары ракеталар дайындалып жатады.

Адамдар екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды деп, бөріктерін аспанға лақтырып болмай жатып, үшінші дүниежүзілік соғыстың исі мүңки бастайды. Не керек, сейтіп НАТО, Варшава, Шарты дегендер текетірес жарысқа түседі. Оған дайындықтың таптырмайтын мекені бетпақтың даласы болады.

*Жырға қосам өзіңді*

## Аруақты Нұра армысың

Аруақты Нұра, армысың,
Сәкеннің жырын жаттаған.
Жарқабақтарың нар мүсін,
Ақынның кейпін сақтаған.

Армысың, Нұра, байсалды,
Сағынып келдім, сағынып.
Дауылың - балдыз ой салды,
Шырақтай бейне жағылып.

* * *

**Ән Нұра, әсем Нұра, құндыз Нұра,**
Көңілде жарқыраған жұлдыз Нұра
Өзіңе алып келген Сәкен жыры,
Өзіңе алып келген нұр қыз мына.

**Ай Нұра, күнім Нұра, жаным Нұра,**
Жылынып алсам деп ем жалыныңа,
Шомылып алсам деп ем тұнығыңа,
Ақпанның ызғарынан арылдың ба?!

**Нан Нұра, таңым Нұра, жырым Нұра,**
Өзгенің қызықлаймын Қырымына.
Балауса жырымды әкеп іліп кеттім,
Талының өрім-өрім бұрымына.

**Ар Нұра, анам Нұра, панам Нұра,**
Өзіңді көргендеоттай жанамын да,
Сәкеннің күлкісіндей толқыныңды,
Уыстап құйып алдым жанарыма.

*****

**"Нұра десем, сен түсесің есіме,**
**Жүрегімнен жыр көшеді есіле.."**
**Кәрім Сауғабай**

## НҰРА

Нұрам менің,
Ғұмыры дастан елім,
Басқа жерден берекең асқан елім.
Қыр қазағы шұбырып келгенінде,
Қара қазан көтеріп саспап едің.

Нұрам менің,
Сабырлы, салқар елім,
Әлімсақтан аяулы, алқалы едің.
Азаматы бұл жердің ер мінезді,
Арулары шетінен қалқа, керім.

Нұрам менің, бұлағы бал татыған,
Ардақтысын өзіңді арқалы ән.
Тарихыңды оқимын тамсанып мен,
Талай қазақ төй тұрған талқаныңнан.

Нұрам менің,
Ақ бидай, киелі елім,
Жиен болып басымды ие келдім.
Анам елі, ақсүйек әжем елі,
Топырағыңды келеді сүйе бергім.

Әкем жанын сақтаған, Нұрам менің,
Жігер құйып жаныма, жыр-ән бердің.
Ұлытаудың шыңынан қарап қоям,
Аман ба, деп қалың ел, қыран белім.

Бетені жоқ қазақтың, туыс бәрі,
Есімде жоқ көңілдің суысқаны.
Тарихында елімнің талай-талай,
Тарландары Нұраның ту ұстады.

Бөтені жоқ адамның, жақын бәрі,
Жадырайды Нұраның жарқын таңы.
Қызыл қырман сапырып шаруалары,
Тұлпар мініп шығады талпынғаны.

Бір күиімді үкілеп ән қозғады,
Жарқырай түс, Нұраның, жампоздары.
Аузын ашса, жүрегі көрінетін,
Ұл жетілсе ұлы елдің аты озғаны.

Усабайдың ордасы Қараталым,
Бастау алған өзіңнен балапаның.
Байтуғанның төсінде – бал думаным,
Шұңқыркөлдің қойнында – алтындарым.

Алмасады кезеңі бұл өмірдің,
Таси түссін дәулеті нұрлы өңірдің.
Амантаудың басында өлең оқып,
Құндыздыға құйылып жүр көңілім.

Нұрам менің, жарықтық, Нұрам менің,
Жақсылыққа әманда құмар елің.
Келіп-қайтып жүрейін, қолдай көрші,
Жезкиікке ілескен құлан едім.
Нұрам менің.

**Базарбай ӘЛЕУХАНОВ**
**Жезқазған қаласы**

тұлға

# Даладай дархан

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА.

«Егемен Қазақстан» газетінен 13 желтоқсан 2005 жыл.

«Жақсы кісі» деп қандай адамды айтамыз?

Жақсылық пен жамандықтың өлшемі бола ма? Әлде уақыт ауып, замана ауనған сайын адами қасиеттердің бағасы да, мәні де өзгере ме?

Соңғы жылдары мені осы сұрақтар көп ойландыратын болып жүр. Асылы адам есейген сайын табиғаттың, жалпы жаратылыстың құпияларына ой жүгіртіп, жастықта онша мән бермейтін тұстарға үңілуге әуес келеді-ау деймін.

Әр ауылда, әр аймақта ел-жұртқа қадірлі азаматтар болады. «Ол ауылда ат басын тірейтін кім бар?» дегенде, бірер кісінің аты аталады. Бұл – ежелден қазақтың адамтану мектебінен келе жатқан салт.

Әрбір ұлттың қадір-қасиеттері де жеке тұлғалар арқылы анықталады.

Шағын ғана ауылда туып, елінің жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын, ауданның да, аймақтың да шеңберінен шығып биікке көтерілген азаматтар қазақтың тарихи өмірбаянын құрап келеді.

Солардың бірі – Оралбай Әбдікәрімов.

Өз басым Оралбайды сонау жылдары алғаш көріп, ол сонадайдан бұрылып жарқылдай сәлемдескенде, бұрын сырттай ғана атын естігенмен, «көп шенеуініктің бірі шығар» деп жүретін ойымнан бірден арылып, «қазақтың даласына тартқан не деген кең азамат» деп сүйсінгенім есімде. Ер-азаматтың бағын ашатын да, бағасын арттыратын да үйдегі алтын босаға – қосағы ғой, бұл жігіттің сүйген жары қандай екен деп те ойлап қалғаным бар. Отағасына қосар не ақыл-ойы жоқ, отбасының бишікеш билеушісі өзім ғана дейтін шүйкебастар талай жігітке үй сыпыртып, мусор төккізуден, төркінінің қам-қарекетін жасатудан аслай, балағынан балдырдай тартып жүргенін көріп келеміз. Менің ылғи «Өз басым ер-азаматқа алған жарына қарап баға беремін»,- дейтінім содан.

Негізінен адамның бойындағы табиғи қасиеттер ананың сүті, әкенің қанымен туа бітеді де, өскен ортаның ықпалымен, отбасындағы, мектептегі тәрбиемен нәрленеді, толысып әрленеді. Оралбай да өз замандастарынан өзгеше ортада тәрбие көрген адам емес. Нұраға құятын Есен өзенінің бойында жатқан «Сұлу кірпіш» деген жер – бабаларының атажұрты. Ел арасында «Қыдыр қонған адам» атанған, өсімі қазақ тарихында белгілі Жолболды батырдың бір ұрпағы Оразбек ақсақал Әбдікәрімнен тұңғыш немере сүйген кезде атамекен жеріне атышулы Қарлагтың Долинка деп аталатын орталығын орналастыру туралы үкімет шешімі шығып, ауыл-ел Киевкаға қоныс аударуға мәжбүр болды. Киевка украин, қазақ, орыс қоныстанған аудан орталығы еді.

Оралбайдың да өзіміз секілді әкесіз балалық шағы аудан орталығының шаңдатқан көшелерінде өтті. Бұл жастан аса бергенде әкесі Әбдікәрім 46 жасында Балкаш маңында еңбек батальонында жүріп қайтыс болды. Жалғыз ұлдың соңында қалған сексеннен асқан Оразбек ақсақал, үйелмелі-сүйелмелі төрт ұл отыз алтысында жесір атанған Бібіжан ананың қолына қарап қалды. Соғыс және одан соңғы жылдардағы талай қазақ әйелінің тағдыры Бібіжанның да басына түсті.

Енесі Бәкіш ерте дүние салып, үй-ішінің күнделікті қамы, отын-су, малдың бейнетіне ерте араласқан Бібіжан жасынан шаруақор, үлкеннің де, кішінің де бабын таба білетін, ауыл-елге мақтаулы келін еді. Көп сөйлемейтін, сабырлы да салмақты Оразбек ақсақал келінінің тірлігіне риза көңілмен:

«Бібіжан менің абысыным ғой, айналайын»,- деп отыратын. Жалғыз ұлдың сүт кенжесі Оралбайды Оразбек атасы еркелетіп өсірді. Аймаққа белгілі жүйрік аты Қарагерге тақым салса, кішкене немересін алдына алып, бұл алты жасқа толар-толмаста өзін атқа отырғызып үйретті. озды.

Отбасының барлық тауқыметі басына түскен ана колхоздың қара жұмысына жегілді. Үйдегі аз ғана мал, отын-су тасу, қора тазалау, тамақ пісіру секілді тіршіліктің қам-қаракеті балалардың мойнында. Әдетте, әкесіз үйдің балалары өз бетінше көше кезіп, басымен кететіні болады. Бібіжанның ұлдары, Құдайға шүкір, жалғызілікті ананың жанкешті тірлігіне жанашыр да, қолғабысшы да болып өсті. Оралбай да атасы бардағы еркелікті қойып, қолы босап кетсе, теріс қарап жатып кітаптан бас алмайтынды шығарды. Ол кезде аудан орталықтарында қазақ мектебі бола бермейді, бұл оқитын орыс мектебінде үрмелі аспаптар үйірмесі бар еді. Оралбай кластас 2-3 жолдасымен трубада ойнауды үйренді. Сабақтан кейін үйірмеден кешігіп келгенде, Боранқұл, Қамидолла, Болат ағалары: «Неге кешіктің, малдың астын тазалауды ұмытып кеттің бе?»- деп жабыла сұрағанда, ол жәй күлімсіреп: «Үрлеп келдім» - деп ағаларын күлдіретін.

Соғыстан кейінгі жылдары ауылда шаруашылық мамандары жетіспейтіндіктен, мектеп оқушыларын тракторға, тіркемеге отырғызатын. Оралбай да жетінші кластан «Белорустың» рулін ұстады.

Боранқұл ағасының ұлы кішкентай Әбілхайыр: «Менің ағатайымның дәу тракторы бар»- деп мақтанатын. Бұл оныншыны тәмамдаған кезде мектеп бітірушілерді ауыл шаруашылығына жіберу туралы Үкімет шешімі шықты да, мектеп комсомол ұйымының хатшысы Оралбай жастар бригадасын құрып, кластастарымен «Нұра» совхозына қой бағуға кетті.

Ауыл шаруашылығына мектеп бітірген бір топ жасқа жетекші болып жас мұғалім ретінде мен де совхозға барғаным есімде. Ол жылдары студенттер жазғы демалыста егін, мақта жинауға, ауылдарда құрылыс салуға міндетті түрде баратын. Ал мектеп бітіргендер бірер жыл шаруашылықтарда еңбек етіп, жоғары оқу орындарына есейіп аттанатын.

Көп ұзамай Оралбай әскерге алынып, әскери-теңіз флотындағы сүңгуір кемеде матрос болды. Дөңгелек жүзді, арықша келген, бидай өңді жүдеулеу балаң жігіттің салмақты мінезі де, айтқанды екі етпейтін елгезек тілалғыштығы да басшылардың көңілінен шығып еді, бірақ сүңгуір қайықтың салмағы тым ауыр аккумуляторларын ауыстыру үстінде шегіне зақым келіп, әскери-санитарлық бөлімінің операция бөлімінен бір-ақ шықты да, елге оралды.

Қарағандыдағы индустриялық-педагогтік техникумға түсті. Ол кезде оқу құралдары жетіспейді – студенттер кітапханадағы оқу залында сабаққа дайындалады. Бір күні қалалық кітапхана залында гистология пәніне дайындалып отырған Қарағанды медицина институтының студенті аққуба өңді әдемі қыз біреу өзіне тесіле қарағандай сезінді де, басын көтеріп еді, алдыңғы жақтағы үстел жанында жас жігіт будан көзін алмай қарап тұр екен. Болашақ жары Жамалды Оралбай алғаш рет осы жерде көрді. Жамалдың жанында отырған құрбы қыз: «Әнебір жамау шалбарлы жігіт саған қарап қатып қалды, танитын ба едің? – деп сықылықтай күліп қойды. – Қамыстай қабысқан арығын-ай!» Уақыт-ай десейші! Әбіш пен Оралбайды бір кезде талдырмаш жігіттер болды дегенге бүгін кім сенеді.

Үйлену «сапары» да Оралбайға оңайға түспеді. Жамалдың қалада шахтер болып істейтін әке-ана, туған-туысқандары «ауылдың жамау шалбар баласына» қыздарын қимай біраз қисайысты. «Таң атпайын десе де, Күн коймайды»- кетем деген қызды қайдан ұстасын, ақыры үйленіп тынды.

Бұл кезде ағасы Болат оқу бітіріп, анасын қалаға көшіріп алған еді. Бібіжан ананың үлкен ұлы Боранқұл ауырып қайтыс болды да, одан қалған жалғыз тұяқ Әділхайырды қолдарына алды. Болат пен Тазагүл, олардың екі сәбиі, Бібіжан ана, немересі Әбілхайыр, Оралбай мен Жамал – екі бөлмелі пәтерде көңілдері сыйып, күн көріп жатты.

Оралбайдың жас күнінде кітапты көп оқитынын байқаған анасы: «Көзіңді ауыртасың – кітаптан бас алмайтының не?», -десе: «Апа, мен өскенде райком болам, ал райком көп білуі керек» деген ұлының жауабына іштей таңданатын.

Сәбидің арманы шындыққа ұласты – айтқанын орындайтын, әркімнің сөзіне ермейтін мінезге бай жас жігітке оқуды бітірісімен Шахтинск қаласындағы үй құрылысы тресі комсомол комитетінің хатшылығына жолдама берілді.

Біз бүгін қалай десек те, ол кездегі жастар ұйымы үлкен тәрбие мектебі болатын. Қазіргі қала, облыс, республика деңгейіндегі басшылардың дені сол жастық мектебінде шыңдалғандар екені шындық.

Өз ісіне аса жауапты, дос-жолдастарын ешқашан жолда қалдырмайтын, қандай жағдайда да оларды ешкімге айырбастамайтын, ажарынан адалдық төгіліп тұрған іскер жас облыстық комсомол комитетіне жұмысқа шақырылды. Жамал Ахметқызы болса, Қарағанды медицина институтын қызыл дипломмен бітірген үздік маман ретінде өзі оқыған институттың көз аурулары кафедрасына оқытушы болып қалдырылды.

Көп ұлтты ортада өскесін бе, әлде өзінің табиғаты солай ма, жастайынан Оралбайға неше түрлі ұлт өкілдері үйір келеді және әлі күнге дейін ешқайсысымен аралары суып көрген емес. Баяғы үрмелі аспаптар үйірмесіне бірге барған Павел Бычек, Володя Мофа, мектепті қазақша бітерген құрдасы Шамиль, «Нұра» совхозында бұларға ақылман болған ауғандық ақсақал марқұм Саруардың балалары, оның бергі жағында жұмыс бабында тапқан рухтас жолдастары - әйтеуір бәрі де бұл күндері жер ортасынан асқандарына қарамай, Бібіжан апаның енші алған балалары секілді. Оралбайдың ұлтына, ұлысына қарап жолдас таңдамайтынына үй іші де әбден үйреніп алған болса керек, анасы: «Әлгі Семейден келген пәленшежан көрінбей кетті ғой, дені сау ма?», «Осы, Жақсылық Ақтебеге көрі көшіп кеткен жоқ па?» - деп ұлының жолдастарын сұрап, көрінбей кетсе, кәдімгідей жоқтап отырады.

Жолдастық, достыққа берік адамдар қазіргі кезде сирек кездесетін болып кетті. «Кейбіреу бүгін тату, ертең бату» деп сөз қалдырғанына қарағанда бабаларымыздың да бастан кешірмегендері жоқ-ау. Күні кеше жан беріп- жан алысатындай болып жүргендер бүгін өмірінде көрмеген адамға ұқсап, амандаспай өтеді. Асылы, адамзаттың барлық қоғамдық құрылысының тұсында кісілік пен кесірлік қатар жүретін болар.

Жақсыны да, жаманды да жатырқамай, бәріне де кешіріммен қарап кеудесіне басатын дала секілді Оралбай мектепте бірге оқып, совхоздың қойын бағуға бірге барған жолдасы Аман бұл әскерде жүргенде қаза тауыпты. Соңында ешкімі қалмаған жолдасының есімі ұмытылмасын деп Жамал екеуінің тұңғышына Аман деп өзі ат қойыпты.

Оралбайды алғаш көрген адам оны өмірдің тауқыметін көрмеген, ылғи ат үстінде жағасы жайлау күн кешкен жан деп ойлауы мүмкін. Компартия жүйесіндегі қалалық комитеттен бастап, республиканың Орталық комитетіне дейін жұмыс істеген ол талай шырғалаң сәттерді басынан кешірген еді. Көкірегінді ыза кернеп тұрса да, әу деуге аузыңды аштырмайтын мәскеулік саясаттың «партияға қазақтар неге көп өтеді?», «қазақ зиялыларын партия қатарына қабылдамау керек» деген секілді қағидалары талай самайды ағартқаны есінде. Осындай шарттылықтардан басы қатқан ол Қарағанды облыстық партия комитетінде жүргенде: «мамандығым – мұғалім, университет бітірген білімім бар, ойымдағыны істей алмай обкомда отырғанша. Сортировкадағы балалар үйіне барып тәрбие жұмысымен айналысайын»,- деп іштей шешім жасаған сәттері де болған.

Оралбайдың партия жүйесінде қалуына үлкен әсер еткен Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен танысып, жұмыстас болуы еді.

Үш пайыз ғана қағазы бар, бүкіл Одақтың назарында дүрілдеп тұрған қаланың көп ұлтты жастар жетекшісінің ешқандай лауазымдылардан тайсалмайтын батылдығы, іскерлігі ол кезде он үш пайыз ғана жергілікті ұлт өкілдері тұратын қарағандылық қазақ жастарының иықтарын тік ұстап, бастарын көтеруіне бастау болғаны рас. Одақтық министрліктерге қарайтын алпауыт тресттердің басшылары алдында мәселелер қою және оларды орындату қалалық комсомол комитетінің хатшысы түгілі, жерлікті партия хатшыларының да батылы бара бермейтін шаруа, нағыз батырлық еді. Назарбаевтың бастамасымен қазақ жастарын Қазақстан Магниткасына шақырған үндеу жарияланып, республикамыздың түкпір-түкпірінен қазақтың бір мыңдай өрімдей жасы Теміртауға жиналды. Жастық қаласы атанған Магниткада талай жас отау тігіп, өмір жолын бастады. «Жарқырайды Теміртаудың оттары» деп келетін әнді жер-жердегі мектеп оқушылары мен студенттердің шырқата салатыны менің де есімде.

Жолдасты жолға тастамайтын жанашырлық, кімнің кім екенін аңғара қоятын кісі тану қабілеті, көздеген мақсатқа жету үшін жан аямас алғырлық пен жауапкершілік секілді қасиеттері Назарбаевтың айналасына талай жастың үйіріле кетуіне басты себеп болып еді. Оралбай секілді сол кезде Нұрсұлтан Әбішұлымен істес болған көптеген жігіттер кейін республикалық деңгейде басшы қызметтер атқарды.

Жауапкершілікті сезінбеген, тапсырылған істі талап ету болмаған жерде басшылар бақташысыз жайылған малдай жайбаракат шашырап жүретіні белгілі. Жастайынан кеңсе жұмысының үтір-нүктесіне дейін үңіліп, тәртіп пен тазалыққа жаттыққан Оралбай кейін Жоғарғы тәртіп кеңесін басқарған жылдары кеуделеріне нан піскен біраз министр тағынан тайып, талай басшының қоқырайған бөріктері қисайды. Халық сенімін ақтамағандар қалай жазасын тарту керектігін халық сонда көріп, «министрлер де жазаланады екен-ау» деп таңданысқан.

Көзге түсуге тырыспайтын, қай мекемеде отырса да істі байыппен шешетін, таққа отырам деп таласпайтын, алдына келген адамға жақсылық жасауды ниет ететін азамат Оралбай Әбдікәрімов республика Парламенті Сенатының Төрағасы міндетін атқара жүріп те Отанымыздың абырой-беделін көтеруге қызмет етті. «Досыңның кім екенін айт – сенің қандай адам екеніңді мен айтайын» дегендей, Оралбайдың маңында ылғи бір салиқалы сырбаз, елім деген азаматтар жүреді. Олардың лауазымына, жұмысының биік аласалығына қарап емес, адамдығы мен адалдығына, рухани тазалығына орай бауырласып, бастары қосылатын болса керек.

Әкеден жастай қалған төрт ұлын жетелеп жүріп өсіріп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай оқытып, өнеге берген Бібіжан ана бұл күнде жүз жасқа таяп қалса да, Құдайға шүкіршілігін қайталаудан жалықпай, немере-шөберелерін жазбай танып, қызындай болып аялаған сүйкімді келіні Жамал есіктен күлімдей кіргенде айналып-толғанып қарсы алады.

Алтын босағасы берік, отының басы жылулы, ұрпақтары ата-ананың алдынан көлденең өтпей өсіп жатса, ондай ер-азаматтың өрісі де кең, ісі де өнімді, соңынан күңкіл сөз де ермейді. Мұндай жанның тілегін елі тілейді. Ұлттың ар-намысы – осындай азаматтар аман болғай!

**Нұра ауданынын 80 жылдығына**

## Әділдігімен қара қылды қақ жарған

**Шындықтың ауылын іздеп, түстім жолға,**
**Разымын не көрсем осы жолда.**
**Шаршармын, адасармын, шалдығармын,**
**Бірақ бір табармын деп көңілім сонда.**
Сұлтанмахмұт Торайғыров.



Өмірінде маңайындағыларға жақсылық шуағын шашып, алысты да жақынды да бауырына тарта білетін, жүрегі кең, мейірімі мол азаматтар болады. Мұндай адамдар есімі өздері бақи дүниеге аттанғанымен, ел жадынан өшпейді, ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Қысқа өмірінде артында адал еңбегімен, жақсы атымен өшпес із қалдырғандардың бірі , ауданнан шыққан алғашқы заңгер Ахметов Хамит атты азамат еді.

Хамекең 1914 жылы Нұра ауданының Захаровка ауылында дүниеге келген. Жасынан зерек болған ол орталау мектепті аяқтасымен еңбек жолын аудандық комсомол комитетінде пионер ұйымын басқарудан бастаған.Бұл – комсомолдың қиын да жауапкершілігі мол жұмысына ысылып, адамдармен жұмыс істеу ісінің қыр-сырын меңгеріп, әжептәуір тәжірибе жинақтап қалған кез-тін. Жас маманның қабілетін байқаған комсомол комитеті оған Петропавл қаласындағы кен мамандарын дайындау мектебіне жолдама береді. Оны үздік бітіріп қайта аудандық комсомол комитетіндегі қызметін жалғастырады. Алған бетінен қайтпайтын жігерлі жастың бойындағы қасиеттер оны 1936 жылы М.Фрунзе атындағы Омск қаласындағы біріккен әскери мектебіне әкелген, онда оқып жүрген кезде елдегі әке-шешесінің қайтыс болып, артында бауырлары қорғансыз қалуына байланысты елге оралуға мәжбүр болады.

Сөйтіп, бауырларына қамқор болып, өмір ауыртпалығын көтере жүріп, еңбегін әрі қарай жалғастырған Хамит 1938-1941 жылдары аралығында Киров ауылдық кеңесінің төрағасы қызметін, одан соң Куйбышев атындағы колхоз председателі қызметтерінде болып, ауыр кезеңде елмен етене араласып, олардың мұң мұқтажымен бірге болған.

Жұмысына тиянақты, білімді, маңайындағыларға азаматтық қасиеттерімен таныла бастаған Хамекең 1945 жылы арнайы органдардың ұсынысымен Нұра аудандық прокуратурасына халық тергеушісі болып тағайындалады. Тергеушінің ауыр да, мазасыз жұмысы жас жігітті мұқалтқан жоқ, қайта шыңдай түсті. Осы қызметте ол кісінің білімі мен талабы ерекше ашылып, 1949 жылы оны Қарағанды облыстық прокуратурасына қызметке ауыстырылады. Өзінің ерен еңбегі, білімі, біліктілігінің арқасында ол қайда жүрсе де, қандай қызметте болса да биік беделге ие болды, Өз жұмысына мейлінше адал, өз ұстанымы мен заң талаптарына ғана жүгінетін ол талай жанды қиянаттан арашалап, ел алғысына бөленді. Оның арасында Жезқазған, Қарсақпай калаларының прокуроры қызметтерін атқара жүріп, Алматы қаласындағы Жоғары заң мектебін бітіріп, заңгер мамандығын алды.

Қай жерде қызмет істесе де ол кісі өзіне жүктелген міндеттерге асқан жауапкершілікпен қарап, әділдікке жүгінген. Қарағанды облыстық прокуратурасында оған аса ауыр қылмыстарды ашу бөлімін басқаруды тапсырылған болатын. Әрине, бұл өте күрделі сала екені де белгілі, кісі өлтіру, мемлекет мүлкін талан – таражға салу, зорлық және басқа да аса ауыр қылмыстарды тергеу, оның үстіне сол кездегі қоғамдағы жағдайды ескерсек, ондай міндеттерді адал атқару адам өміріне қауіп төндіргені де сөзсіз. Сол кездерде қиындыққа мойымай өзі таңдаған ісіне бар күш жігерімен атқарғаны көпшілікке аян еді. Небір қиын күрделі қылмыстарды ашу, тексеру ол кісіге тапсырылатын да. Ешқашан да әділетсіздікке жол берген емес, сот шешімімен келіспеген кездерде, жоғарғы органдарға наразылық жасаудан қорықпайтын.

1964 жылы денсаулығының нашарлауына байланысты Хамекең өз етінішімен елге оралып, Нұра аудандық прокурорының орынбасары қызметіне ауысты. Осы қызметте Хамит Ахметов ақтық демі таусылғанша қызмет етті. Жас мамандарға ерекше қамқорлықпен қарап, тергеу мектебінен өткізіп, тергеу ісіне бағыт бағдар беріп, тергеудің сапалы жүргізілуіне барынша назар аударып, қадағалап отырды, оларды Конституциямызға адал қызмет етуге баулыды.

Хамит білімді де білікті, тәжірибелі де сөзге шешен, ойы ұшқыр, әділетті заңгер болатын. Бірақ, небәрі 54 жасында өмірден озды. Оны көзі көрген ақсақалдар «Қызметіне адал, ағайынға қамқор, елім деп туған азамат еді.» деп еске алады. Өзінің қара қылды қақ жарған әділдігімен, табиғи парасаттылығымен қамшының сабындай қысқа өмірінде өшпес із қалдырған азаматтың есімі ел есінде сақталып, ісі ұрпақтарымен жалғасады.

**Махмет Теміруды,**
**Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, зейнеткер-ұстаз.**

**РЕШЕНИЕ**

председателя Х сессии Нуринского районного Маслихата

пос. Киевка № 10

24.09.2008г.

**О созыве очередной Х сессии Нуринского районного Маслихата**

Созвать очередную Х сессию районного Маслихата 3 октября 2008 года в 15:00 в актовом зале районного акимата.

Председатель Х сессии районного Маслихата К.Отарбаев

**СООБЩЕНИЕ**

На рассмотрение очередной Х сессии районного Маслихата 3 октября 2008 года выносятся следующие вопросы:

**1.О состоянии и мерах по улучшению медицинского обслуживания населения района».**

**2. Разное.**

Секретарь районного Маслихата Е.Туранов

# Нұрлана түс, нұрлы да сырлы Нұра!



**Серік Жаманқұлұлы Шайдаров- Нұра ауданының әкімі, "Құрмет" орденінің иегері:**

Бүгінде Нұра 207 мың гектар жерге дән себілетін, содан миллиондаған пұт енім өндіретін облыстағы , қала берді республикамыздағы астықты аудандардың қатарында. Жекешелендіру кезінде бұрыңғы шаруашылық күш-қуатын сақтап қалып, жерлілікті еңбеккерлерді бір мақсатқа біріктірген «Қайнар», «Шахтер», «Пржевальское»ЖШС-рі сол баяғысынша әрқайсысы 25 мың гектар алқапты егінге жайқалтуда. Ауыл шаруашылығын бүгінгі заман талабына сай ұйымдастыру мақсатында жер өңдеу мәдениетін жақсарту, жаңа технологиялар мен отандық және шетелдік техникаларды өндіріске енгізу де дұрыс жолға қойылған. Қазір аудан шаруашылықтарында ресейлік «Енисей», «Вектор» комбайндарымен қатар, немістің «КЛАСС Медиум» комбайндары, канадалық «Моррис-консепт» тұқым сепкіш кешендері, «Бюллер-Верстали» тракторлары, аргентиналық себу агрегаттары қолданысқа енгізілген. Кейінгі 10 жылда астықтың жалпы өнімі 2,7 есе көбейсе, ет өнімі 11,2%-ға , сүт 85%-ға ға өскен. Ал соңғы 4 жылда ауыл шаруашылық өнімдерінің көлемі 1,8 есеге өсіп, 2007 жылда 8 млрд 304 мың теңгенің ауыл шаруашылық өнімдері өндірілген. Шахтерліктер енді бидайдың элиталық тұқымын өсіруді қолға алып, алыс- жақынға сатуды жолға қойса, қайнарлықтар астық есірумен қатар «Әулиекөл» асыл тұқымды қара мал басын сатып алып, малды асылдандыруды дамытып отыр.

Ауыл – қазақтың күретамыры, алтын ұясы. Ауылдарда заман талабына сай спорт кешендерін, балалар алаңдарын салу, мәдениет ошақтарын жаңғырту жүзеге асырылуда.

Ауылдарға су құбырлары жүргізілуде. 1069 млн теңгеге жолдарды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Облыстық бюджеттен бөлінген 75 млн теңге қаржыға Ахметауылындағы мектеп құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Республикалық бюджеттен – 364,0 млн теңге бөлінген қаражатқа Шахтерское – Пржевальское , 618,0 млн теңгеге Киевка – Жараспай – Изенді жолдарын қайта құру, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Құт қонған Арқа төсінде, қазақ жерінің кіндігінде халқымыздың дәулетті де сәулетті ғұмыр кешуіне қазір барлық жағдай бар.

Елбасы белгілеп берген мақсаттардың барлығы, сайып келгенде, қазақстандық ел-жұрттың, қазақ ұлтының жақсы өмір сүруі. Халықтың жағдайы күн санап жақсарып келеді. Тұрмыс жақсарған сайын «бұдан да жақсы өмір сүрсем деген талап пен құлшыныс та күшейді.

Әлеуметтік салада атқарылған жүйелі жұмыстардың нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 3,3%дан 1% ға дейін төмендеді, орта және шағын бизнес те қарқынды дамып, жаңа жұмыс орындары көптеп ашылуда.

Денсаулық сақтау мен білім беруге жұмсалған қаржы кейінгі 5 жыл ішінде 2,5 есе, мәдениетті дамытуға бөлінген қаржы 3,6 есе өсті. Аудандық аурухана жаңа озық технологиялармен жабдықталған: телемедицина орталығы қолданысқа енгізіліп, тұрғындарға қызмет көрсетуде.

1985 жылдан бастап аудан аумағындағы Шұбаркөл көмір кеніші пайда әкеле бастады. Биылғы жылы онда өндірілген енеркәсіп өнімдерінің көлемі 9958 млн теңгені құрады, немесе алдағы жылға қарағанда 140%. Өнім көлемі 1995 жылға қарағанда 3 есе өскен.

Бұрынғы жылдары тек жеке тұрғын үй құрылысы болса, биылғы жылы жалға берілетін мемлекеттік тұрғын үй салынуда. Жеке тұрғын үй құрылысын ынталандыру мақсатында 8,0 млн теңге инженерлік коммуникация жүйелеріне қаражат бөлінуі тұрғын үй құнын арзандатуға мүмкіндік берді.

Әлбетте, халқымыздың ежелгі дәстүрі бойынша мұндай айтулы мерекелер толымды тарту тартулармен қарсы алынады ғой, біз де осы 80 жылдық мерейтойына 8 игі істі тарту етіп отырмыз. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан нұралық жауынгерлер есімін ел есінде мәңгі сақтау және келер ұрпаққа үлгі өнеге ету мақсатында аудан орталығындағы орталық алаңда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан нұралық жауынгерлерге арнап Орталық алаңға қызыл граниттен мемориал орнатылып, онда су бүркіш қойылып, гүлзарлар егілді.

Облыстық бюджеттен бөлінген 35,0 млн теңге, мақсатты трансфертке «Нұра» стадионы күрделі жөндеуден өткізіліп, түбегейлі түрленген стадионда жасанды футбол алаңы, жүгіру жолдары салынды, 1000 дана орындықтар қойылып, жаңарған стадион Қазақстан Республикасы Конституция күні мерекесіне орай ашылды.

Кеңестік заманда салынған, әбден тозығы жеткен аудандық Мәдениет үйі облыстық бюджеттен бөлінген 30 млн теңгеге, «Алтын дән» бала бақшасы 20 млн теңгеге күрделі жөндеуден өткізіліп жаңа тұрпаттағы, мәдени- тәрбие орнына айналды.

Аудан орталығындағы орталық саябақ қайта құрудан өткізілді: онда жасанды көгалмен қапталған кіші футбол алаңы, үш субүркіш, гүлзарлар, екі балалар алаңы, үлкен теннис, би алаңы және ашық сахна орнатылып, аудан тұрғындарының демалатын бірден бір сүйікті мәдени орнына айналды.

Аудан орталығында қазіргі заман талабына сай монша салынып, пайд[illegible] берілді. Сөйтіп, тұрғындардың көптен зәру болып отырған қажеті ашылды.

Аудан тарихында алғ[illegible] рет, «Нұра ауданының энциклопедиясы», «Нұра ауданының тарихы» басылымдары және "Нұра ақындары" жинағы жарық көріп, тойға тамаша тарту болып отыр.

Елдің негізгі байлығы адамдары. Бүгінгі күнде [illegible]ымызда отырған аға ұрпақ ақсақал[illegible]ымыз, ардагерлерлеріміз, еңбек майталмандары біздің асыл қазынамыз. Біздің бүгінгі жетістіктеріміз солардың ерен еңбегі, қажымас қайраты мен өнегелі өмірінің жемісі. Бізді бүгінгі жарқын өмірге жеткізгендеріңіз үшін Сіздердің алдарыңызда бас иіп, ел атынан шынайы алғысымызды білдіреміз

Аудан экономикасын еркендетуде [illegible] үлес қосып, қажырлық та[illegible]ып, әр ке[illegible]е ауданды басқарған, е[illegible] етене ара[illegible]ып, адал еңбегімен ж[illegible]шылықтың іптипя[illegible]е болған. Бүгінде пәни жалғаннан аттан[illegible] [illegible] бөленген Уаисов Әркен, Шерім Ерманов, Жәми Ахметов, Михаил Яхин, Борис Виноградов, Николай Задорожный, Петр Щербин, Нұрмағамбет Телеміçов, Сұлтан Түсіпов, Әбдуәли Білалов, Мәжікен Момбаев, Михаил Филиппов, Қажынаби Жақыпов, Владислав Ануфриев, Смағұл Мұқанов, Яков Пазенко сынды азаматтардың есімін Нұра халқы аса құрметпен еске алады. Бүгін ортамызда отырған аудан басшылары Оралды Тәрегожин, Думан Әбілдинов, Дауылбай Құсайынов, Жақсылық Оспанов сынды азаматтарға да елі риза.

«Бірлік бар жерде, тірлік бар» дегендей бұл іске аудан тумалары, іс басындағы азаматтар, белгілі кәсіпкерлер, ел ағалары, шаруашылық басшылары қызу қолдау көрсетіп, демеушілік жасап, туған жердің мәртебесін, мерейін көтеруге күш жұмылдыры[illegible] сүйіспеншіліктерін паш етуде. Атап айтсақ: ауданымыздың құрметті азаматы Жарылғасын Бикенов ағамыз «Нұра ауданының энциклопедиясын» құрастыруға үлкен үлес қосты, шаруашылық басшылары Сейітжаппар Нығметов, Георгий Прокоп, Ықсан Таттыбаев, Гринь Александр Степанович сынды азаматтар қомақты қаржылық демеу көрсетті, аудан аумағында жұмыс жасап жатқан компаниялар да бұл істен сырт қалмады: Астанадан «Қуат Холдинг»,«Нұрайстрой» құрылыс компаниялары, «Темір арқа» серіктестері сүбелі үлес қосты.

Егеменді елдің бір уығы болып қадалған ауданымыздың бағыты айқын. Ол Елбасы белгілеген бағыт. Егер Елбас[illegible]леген межесінен көріне білсек, ел мен жердің қадір-қасиетін арттырып, абыройын асқақтатамыз. Осыдан [illegible] ғасырдан астам уақыт бұрын Ресе[illegible]ден қоныс аударған орыс, украин шар[illegible] қоныстанған, одан соң қуғын-сүргінге [illegible]ған неміс, шешен халықтарына қиын-қыстау кезінде пана болған, бертін келе тың игеру науқанында көптеген ұлт екілдеріне құтты қоныс болған, достықтың мызғымас ордасы, киелі де құтты мекен – нұрлы Нұра жерінің бүгінгі арайлап атқан таңы осындай.

Тіршілік - ынтымағы жарасқан елде ғана баянды болады.

Алқабы дәнге, қойыны қазынаға , атырабы төрт түлік малға толы кең байтақ жеріміз, ынтымақты еліміз, бәтуәлі өмір, баянды тұрмыс кешіп жатқан халқымыз бар. Баршаңызды ауданымыздың 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, береке бірлік пен жаңа табыстар тілеймін.

Ғасырлар бойы Арқаның қақ төсінде халыққа құтты қоныс болып, мекендеген елді байлыққа да, молшылыққа да бөлеп келген, елге құт-береке сыйлаған нұрлы Нұра, көркейіп, гүлдене бергей!

**Мереке құтты болсын, ағайын!**

**"Целину продолжают нследники"**- говорит директор ТОО"Пржевальское" Эксан Балтабаевич Таттыбаев.

**«Пройдя через трудные годы реформ, сегодня, образно говоря, село находится на пороге новой целины. Этому будет способствовать объвленное трехлетие развития села, а также реализация двух государственных программ: агропродовольственной и развития сельских территорий».**

(из доклада Н.А. Назарбаева, посвященном 50-летию освоения целинных и залежных земель).

История рождения целинного совхоза имени Пржевальского ничем не отличается от тех шести родственных хозяйств – 1954 г. Центральная усадьба – село Пржевальское названа в честь известного путешественника исследователя Центральной Азии генерала – майора Н.М. Пржевальского находится в северо-западной части района, в 55 километрах и в западной части г.Караганды в 255 км.

До 1988 года население насчитывало 1,1 тыс. человек. Общая площадь сельхозугодий составляла 50800 гектаров, из которых 37621 – пашня, 8655 – поливных земелб, 1596- сенокосных и 3137 га пастбищных. Посевная площадь занимала 32322 га, в том числе зерновых – 23667 га. Имелось до 3496 голов КРС, 130-свиней и 50-лошадей.

Совхоз дважды завое[illegible] в социалистическом соревновании [illegible]еходящее Красное Знамя республики [illegible]9 и 1982 гг. А по итогам 1987 года хозяй[illegible] произве[illegible]дукции растениеводства [illegible]умму 3 м[illegible]62 тыс. рублей.

В летопи[illegible]овхоза и[illegible] Пржевальского немало с[illegible]ых дел и [illegible]довых побед. В разные год[illegible]зные геро[illegible] прославленные маяки произв[illegible]тва зажи[illegible]и звезды, оста[illegible]ли добр[illegible]лед. Но, [illegible] начиналось также, как у любо[illegible] целинного[illegible]озяйства: с трудностей и исп[illegible]ний на пр[illegible]ость.

195[illegible]-й год. На[illegible]юсь массовое нас[illegible]ление на[illegible]выльные с[illegible]и, отсчет време[illegible]линной эпопеи. Станов[illegible]сь все напря[illegible]е, уплотнялся поток пр[illegible]тия люде[illegible] поступления сельхозяйственн[illegible] [illegible]вым десантом высадились П.[illegible]иков, С.Вер[illegible], А.Глушко, В.Гутов, Т.Культешева, Н.Крюкова – участник Великой Отечественной войны и многие другие, позже ставшие известными [illegible]ботами, добрыми наставниками, г[illegible]ными специалистами и руководителям[illegible] производства. Только в 55-ом в совхо[illegible]ло около 600 человек, из которых [illegible]е половины юноши от 17 до 20 лет.

Перв[illegible] целинного совхоза Пржевальского был П.Шелухин. Вмасте с Петром Михайловичем первые трудности целинного крещения разделяли Е.Угрюмов- гл. инженер, А.Муканов- гл. бухгалтер, Н.Демидов- гл. агроном, П.Максимов – зам директора по хозяйственной части, Е.Белькин – ст. прораб. Затем на их смену пришли: Я.Гуляев-главбух, А.Батин- гл. инженер, Коденский- зам.директора, Н.Ким – ст. прораб, А.Христенко – зав. МТМ.

Заведующий МТМ хозяйства Александр Федорович Христенко прошел большой путь, став широко известным ученым сельского хозяйства, директором ЦК НИ совхоза – института, обладателем золотой звезды «Халык Кахарманы». Также и А.Глушко, и В.Гутов: первый из них от шофера дошел до секретаря парткома родного хозяйства, второй – от механика до директора совхоза «Шахтер».

Живой пример того, как растила кадров целина, трудовой п[illegible]нко, доморощенного первоцелинника: А проходил он секреты хлебопашца на родных Жараспайских нивах. Здесь Анатолий Павлович от рядового механизатора дошел до главного инженера. Уже в начале восьмидесятых его назначили директором совхоза им.Пржевальского, где проработал 14 лет. А в середине девяностых Романенко повысили в должности: он стал начальником райсельхозуправления, затем директором департамента сельского хозяйства и первым заместителем акима района. Примечательно, что на этом посту Анатолий Павлович работал до самого ухода на заслуженный отдых. И, как главная фигура, как хозяин Нуринской земли, он служил ей честно и добросовестно.



По сегодняшний день в совхозе им. Пржевалького крепко чтят память о тех, кто стоял у истоков целинной эпопеи, кто покорил не ординарные нравы ковыльных степей. Добрыми делами подолжают их славные традиции целые династии: Гарифзияновых, Белоцерковец, Ведерниковых, Тетенькиных, Ченцовых и других. Все по-прежнему в трудовом строю такие ветераны, как Штефан Тимофеевич Кирка – кавалер многих орденов и медалей, в том числе ордена Ленина.

Большой трудовой победой ознаменован для пржевальцев год 1979-й.

Практически они государству подали без малого 2 миллиона пудов отменного целинного хлеба. Причем он оказался самым высоким показателем по району. Тогда к ним приблизились лишь урожайновцы и шахтерцы. Это был знаком событием и для директора совхоза Константина Сергеевича Пак, который уже седьмой год держал бразду правления.

... Уже более 16 лет Таттыбаев руководит целинным совхозом им.Пржевалького. За это время многое изменилось: и в производственных делах, и в облике села. Если в 1996-97-х годах зерновой клин занимал 10-12 тыс. га, то сейчас более 20 тысяч гектаров. Практически увеличен вдвое. Значительно укреплен машинно-тракторный парк хозяйства, что позволяет широкому внедрению новейшие технологии земледелия, выращивания колосовых.

Пржевальцы уже который год вдогонку идут за ближайшими соседями – шахтерцами. И не без успехов. Так, внедряется новый, научно обоснованный севооборот, расщиряются полащади паров, происходит сортообновление. Практически земледельцы хозяйства уже перевили стрелку рельсов зернопроизводства на семеноводство. То есть, пржевальцы серьезно наступают на пятки соседей. Все смелее поворачивают отрасль на путь интенсификации. И насколько это серьезно показали итоги минувшего хозяйственного года.

С наступлением юбилейного года целины, второго го[illegible] трехлетки аула добрые начинания пр[illegible]льцев получили дальнейшее развитие. Так, нынешний строительно-ремонтный сезон ознаменуется капитальным ремонтом с реконструкцией сельской больницы и клуба.

- Мне часто вспоминаются отцовские советы Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева, - говорит Таттыбаев. – Тогда, в 2001 году, мне посчастливилось быть у него на приеме в числе первых среди руководителей сельхозформировании из глубинки. Помню, его прогнозы о дне грядущем, о ожидаемых реформах селян – сегодня они все в действии и приносят свои плоды. Просто поражаюсь дальновидностью Президента, его умом, широком кругозором, как государственного деятеля, признанного, в мировом масштабе политика.

## Сылдырап, сұлу Нұра, сырыңды айтшы

**Нұра десем, сен түсесің, есіме,**
**Жүрегімнен жыр көшеді есіле...»**

Аққуым, менің аяулым
Нұраға қарай барады ұшып топ құсым,
Аяулым менің,
"Арасында он[illegible]кпысың?!
Аулама келіп,
Алаңсыз кәне [illegible] кет,
Тұрайын мен де
«Өнім бе, әлде,- деп- түсім?!»

Сәкеннің елін,
Ән-күйге бөлеп еткейсің,
Аққуым менің,
Айналып мені кеткейсің:
Аулама келіп,
Алаңсыз кәне қона кет,
Түн- алдың.
Барар жеріңе бүгін жетпейсің...

Қуантып ұлы ақынның елін,
Дән елін,
Жүректің ыстық
Ала кет дұғай сәлемін.
Өлеңін арнап бір ұлың әлі туар де,
Шаттыққа бөлеп
Нұраның мөлдір әлемін.

Қоғалы көлді,
Жидекті сайды мекендеп,
Ән салып құсым,
Жар салып, құсым, жетем бе?!
Нұраның суын,
Нұраның нуын қия алмай,
Сұңқылдап, аққу,
Жыларсың әлі кетерде.

**********

**Қайдасың сен?!**

Нұра бойын көктем кезіп барады,
Нұрға бөлеп дән толқыған даланы.
Сенің жұмсақ алақаның сияқты,
Маңдайымнан желпіген қыр самалы.

Ай нұрындай дидарыңды аңсадым,
Нұра бойын сенсіз кезіп қанша күн.
Қай ауылға келін болып жүрсің сен.
Іздеп сені аласұрып шаршадым.

Ақ шабақтай асыр салған айдында,
Сен бар жерде жоламайтын қай мұң да...
Кәзір, міне, Нұраға тек сыр айттым,
Жүрегімді жапырақтай жайдым да.

Кәрім **САУҒАБАЙ**

# 80 жылдыққа 8 игі іс! 80 летию 8 добрых дел!

## "Тәуелсіздік" саябағы



**Ерлікке үндеп, елдікке шақыратын. Ұлы Отан соғысында** қаза тапқан нұралық жауынгерлер есімін ел есінде мәңгі сақтау және келер ұрпаққа үлгі өнеге ету мақсатында, адамзатты фашизмнің құрсауынан құтқарудағы ерен ерлік жасаған жандардың құрметіне орай Орталық алаңға қызыл граниттен қойылған ескерткіш.

Ұлы Отан соғысына тек Нұра өңірінен 3 мыңнан астам майдангер аттанып, соның 1083-і қан майданнан оралмады, 2487 жауынгер орден, медальдрмен марапатталды. Кеңес Одағының батыры И.Колодий, С.Лебедев, есімі аңызға айналған «Даңқ» Орденінің толық иегері М.Сүлейменов есімдері ел есінде мәңгі сақталады. Сондықтан да Монументтің орталық алаңға орнатылуы осы жандарға керсетілген тағзым деп білеміз. Ал Монумент алдындағы аллеяға келсек, онда ендігі уақытта айтулы оқиғалар мен мерекелік шерулер өткізілетін орынға айналмақ.



**Облыстық бюджеттен бөлінген 35,0 млн теңге, мақсатты транс**фертке «Нұра» стадионы күрделі жендеуден еткізіліп, түбегейлі түрленген стадионда жасанды футбол алаңы, жүгіру жолдары салынды, 1000 дана орындықтар қойылып, жаңарған стадион Қазақстан Республикасы Конституция күні мерекесіне орай ашылды.

**Кеңестік заманда салынған, әбден тозығы жеткен аудандық Мәдениет үйі облыстық бюджеттен бөлінген 30 млн теңгеге, «Алтын дән» бала бақшасы 20 млн теңгеге күрделі жөндеуден өткізіліп жаңа тұрпаттағы, мәдени- тәрбие орнына айналды.**

**Аудан орталығындағы орталық саябақ жергілікті бюджеттен бөлінген 15,6 млн теңгеге қайта құрудан өткізіліп енді «Тәуелсіздік» саябағына айналды.**

Ең алдымен айтатынымыз: ондағы кеңес дәуірінен тұрған ескерткіштің бет әлпеті де мазмұн-мағынасы да қайта жсалып, бедерінде жаужүрек жауынгерлер бейнесі, майдандағы азаматының аман оралуын тілеген Ананың алаңкей жүзі бәрі кешегі сойқанды соғыс кезеңінен қалған шынайы көрініс. **«Тәуелсіздік тұғыры берік болсын!»** деп, әр кезеңде еліне, жеріне қамқор болған батыр ұлдарының рухын асқақтатқан бұл Монумент бүгінде Өткеннің қан төгілген қасіретін қайталамауға бейбіт күннің бақ- қадірін білуге шақырып тұр.Ол бүгінгі замандас, келер ұрпақ буынын ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған, армандаған және сол үшін жан аямай күресіп қол жеткізген тәуелсіздігімізді сақтауға шақырады.

Сонымен қатар онда жасанды көгалмен қапталған кіші футбол алаңы, үш субүркіш, гүлзарлар, екі балалар алаңы, үлкен теннис, би алаңы және ашық сахна орнатылды. Сөйтіп, ол жылдар бойы ну орман қураған ағаштардан арылы, аудан тұрғындарының демалатын бірден бір сүйікті мәдени орнына айналды.

Енді халық пікіріне құлақ салайық: **Омаров Ораз , кент тұрғыны : Мынадай тамаша демалыс**



орнының кентімізде пайда болуы бәріміз үшін ете үлкен қуаныш және мақтанывш. Бәрі де үлкен талғаммен жас алған.. Кәріге де, жасқа да, балаға да жағдай қарастырылған. Ендігі уақытта балашға, немерелерімізбен бірге келіп, алаңдамай демалатын орын. Осының бәрі,әрине, аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы бауырымыздың бастамасымен және , оның жанында жүрген азаматтардың қостауымен атқарылған игілікті іс.

**Сүлейменов Нұрлан Халелұлы,** аудандық Мәслихат депутаты:

-Мынадай тамаша демалыс орны үшін өте қуанып тұрмын. Және ең алдымен осы идеяны ұсынып оны іске асырған аудан әкімі Серік Жаманқұлұлына ризалығымды білдіремін. Алаңқайда мөлдір сулары көкке шапшыға субұрқақтар балдырғандарды қуантатыны сезсіз.Бұл біздің жастарымыздың демалатын және мәдени тәрбиеленетін орны. Бұл балалардың ойын орны, әдемілікке баулитын орын.Сонымен қатар саламатты өмір салтына баулитын жасанды шеппен қапталған кіші футбол алаңы, үлкен теннис, саябаққа ерекше көрік беріп тұрған шамшырақтар - бәрі біздің тұрғындардың игілігіне жасалған.



Иә, ауданымыздың мерейтойына орай санай берсек, сегіз емес, игі іс саны сексенге де жетіп қалар. Тек осы игі істерімізді игілікке ұстай білейік, ағайын!

## Жарқыраған монша

Бұрынғы қаңқасы ғана қалған үйіндіден жаңа евростандарттарға сай тұрғызылған жаңа моншаның қазіргі бет пердесін көрсең,таңдай қағып таң қалмайтын пенде жоқ. Бұрынғы мен қазіргіні салыстырсаң, көк пен жердің арасындай. Аудандық бюджеттен бөлінген 30 млн теңге қаражатқа жаңа монша тұрғызылды. Мердігер де біздің несібемізге қарай адал болып кездесті. Астана қаласының «Ернұр-7» ЖШС-нің құрылысшылары ездеріне тапсырылған жұмысты сапалы , мезгілінде аяқтады. Ел енді Киевкада монша болады дегеннен үмітін үзген-ді,аудан әкімі С.Шайдаров қызметіне кірісісімен ақ, ардагерлер алқасы аудан әкімі С.Шайдаровқа ашық хат жазып, моншаға зәру болып отырғандықтрын жеткізген болатын. Бұл өтініш аудан басшысы тарапынан аяқ асты қалмады. Сөйтіп, моншаға қажет қаражат қарастырылып, бұл мәселенің оң шешілу жолдары қолға алынды. Енді міне аудан тұрғындарына барлық евростандарттарға сай монша қызмет көрсететін болды.



Моншада қыруар жұмыстар атқарылды: ішіндегі күл қоқыс шығарылды, қабырғалары түгел қырылып, сыланды және бәрі де жаңадан қазіргі заман талабына сай материалдармен қапталып, қабырғалары төбесіне дейін кафельденді.Жылыту жүйесі, су, электр қуаты, желдету жүйесі бәрі де жүргізілді, бірқалыпты жағдайда жұмыс істеуде. Оның құрылысына тек жаңа заман талабына сай материалдар пайдаланылып, ескі-құсқы материалдар қолданылған жоқ. Моншаның қабырғасы мен едені жалтыраған кафельмен қапталды. Киім ілгіш шкаф және басқа да барлық жиһаздары жаңадан әкелініп, орын-орнына қойылды. Онда бассейн, сауна бар және буфет пен шаштаразы жұмыс істейді. Моншаның сыртқы көрінісі ете керікті. Төбесі жаңа плиталармен жабылып, қызыл шатыр салынды және қабырғасы керамагранитпен қапталды. Сонымен қоса пластикалық терезелер орнатылып, алдына брусчатка төселді.



Аудан тұрғындарына ете қажет болған тұрмыстық қызмет түрінің іске қосылғанына тұрғындар жергілікті атқарушы билік өкілдеріне ризалықтарын білдіріп, алғыстарын жаудыруда.

## Обновленный стадион

Аким района Серик Жаманкулович вступив на должность акима района сразу обратил внимание на то, что наш стадион не соответствует стандартам сегодняшнего дня. Построен он был в 2002 году и не разу за эти годы не подлежал капитальному ремонту. На средства из областного бюджета не просто обновили самое излюбленное место нуринских спортсменов и болельщиков, но и преобразили его до неузнаваемости. Здание полностью отштукатурено и выбелено снаружи, внутри заменены полы, проведена вентиляция.





Футбольное поле зеленеет искусственным покрытием, вокруг которого проложены тартановые беговые дорожки. На трибунах установлены новые кресла для зрителей в количестве 1000штук. Всюду на территории разбиты цветники и вокруг идеальная чистота.

Реконструировано въездное кольцо на средства, выделенные из местного бюджета в сумме 17,3 млн тенге, с заменой имеющегося монумента на новый 16-метровый постамент,изготовленный из бронзы бетона, металлоконструкции,обложена мраморной плиткой, по кругу которого в верхней части будут располагаться три фигуры: девушка, встречающая хлебом (символизирующая хлебосольный край); шахтер (угольный Шубаркульский разрез); танцующая девушка, над головами, которых будет золотиться богатый колос, что указывает на то, что зерновой Нуринский район является житницей Карагандинской области. Художественная часть выполнена художниками г.Караганды. Снизу с трех сторон монумент подсвечивается прожекторами, давая возможность прочесть название населенного пункта в темное время суток



Мына суреттегі кішігірім саябақ пен оның ортасына орнатылған субұрқақ және жарқыраған шамдар аудан әкімдігінің қызметкерлерінің мерейтойға тартуы.

# Темірқазық



**Бақыт Кәрібаева,**
фил.ғыл. докторы, профессор,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Ел тарихын асыл азаматтарымен парақтайтын өркениет өнегесі ежелгі қазақ дәстүріне де етене нәрсе. Сәйділ Омарұлы Талжанов – қазақ рухы мен руханиятын биіктеткен асыл ұлдарымыздың бірі. Ағайынды Сәйділ-Әшім Омарұлдары қазақ қоғамы, қоғамдық іліміне ғылыми-интеллектуалдық сапа, терең із қалдырған саусақпен санарлық саңлақтар еді. Кеше кезін көріп, еңбектерін оқыған С.О.Талжанов - Әуезов, Марғұландар секілді қазақ мәдениетінің халықаралық талғам-таным таразысына түсіп, бағаланатын кесек тұлға болатын.

Ол төңкеріске дейінгі-кейінгі қазақ тарихы мен тұрмысының білгірі, білімпаз жазушысы еді. Сондықтан оның көптеген ғылыми болжам, ой-толғамдары бүгінгі өй-өріс бигімен ұштасып жатады. Арқа тесінен жаңа ғасыр көгіне түлеп ұшқан Жанайдар Садуақасов, Әшім Омаров, Кәрім Мыңбаев, Сәйділ Талжанов сияқты айтулы – қоғам. мәдениет қайраткерлерінің тікелей Сәкен ықпалымен алғаш білімге қанат қаққаны айтып өту де – парыз.

Сәйділдің төңкерістен кейінгі тағдыры да сондықтан Сәкенмен бір орамды, бір иірім-алмағайып-аласапыранда болып шиеленісті. Сәкең сол бос кеткен 1937-1956 жылдар есесін-қарымтасын қайтаруға барын салды. Туған тарих, Батыс пен Шығысты тел емген Төлқара білім мұхитында балықша жүзді. Сондықтан Қаныш Сәтбаев бастаған ғылым академиясында, Марғұлан басқарған тарих институттарында, тіпті нақты ғылым-өнер тілінде ортақ мәселе тауып, ол ортада да өзін еркін сезінетін еді. Олар бұл кісіні кене грек данышпанындай көретін шешен, тапқыр, білімпаздығына әлгіп отыратын.

Сәйділ осы өлкенің түлегі ретінде де 19 жыл айдаудан келіп, Советтік Қазақстанның ата жауларына Шоқ болыс, Сапақ би жайлы роман жазуы - әрине, оның рухы жасымағанының дәлелі. Ол күйрек емес еді, бірақ өмірдің ащысы мен тұщысын тең таразылай білетін кемел ақылы оны ойға-оңашаға көбірек жетелейтінін байқадым. Мен мұны хас ақынның бәрі бастан кешетін тәтті мұңға балайтын едім. Енді ойлансам, Сәйділ «тарихы», ол кешкен қиын-қыстаулар-атан тартар жүк екен ғой. Ел басына күн туып, ат ауыздықпен су ішкен талай замана көріністерін санадан сызып тастау мүмкін бе?! Төңкеріс. Ақ пен қызыл «қырғыны» тұсында көз алдында оққа ұшқан әкесі Омар өлімі 13 жастағы Сәйділ жанын жасытай-ақ қатыгез жаралаған еді. Сол бір түңілу түнегінен ағасы Әшім арашалап, өзі қызмет қылған Ақмола, Қызылжар, Ташкент қалаларындағы таңдаулы мектеп – білім көздерінен сусындатып, көркем тәрбие соқпағына салып жіберді. Енді қай ортада да бұла бозбала Сәйділ көз жауын алатын білімді азаматқа айналды. Басқадан да бұрынырақ сұңқар Сәкеннің көзі түсті: ақын жанының сол тұстағы шындығын айғақтаған – қымбаты «Қызыл атын» аудартты оған орыс тіліне. Бұл бақыт баста ұзақ тұрмады: замана екінші жағына төңкеріліп, Сәйділдің сол білімдарлығы енді аң бетіне қара таңба болып басылды. Тек сол үшін ғана 1937 жылы 4 желтоқсанда Алматы қаласындағы ағасы Әшіммен бір күнде тұтқындалып, сот үкімімен Сібірге 10 жыл каторгіге кете барды.

Әдебиетке құмарлық, жүректегі жастық жалын-ақындық құштарлығымен шарпысып, Сібірдің алғашқы 10 жылдығында сол Пушкин жайлы түрме тұрғындарына лекция оқыған ғой. Посылканың 30 бет тақтайын толтыра баяндама әзірлеген. – Пушкинтанушылардан хабарым жоқ деуге болады сонда,-дейтін, ақынға деген айрықша махабатын еске алып!

Қажырлы Сәкен соңғы сағатына дейін серілік серттен таймаған, батырлық бигінен түспей кетті. Ол оның қол жеткізген адамдық бақыты іспетті еді. Екі Ермеков (Мүслім, Әлімхан) Сәлкен Балаубаев, Іслам Жарылғапов, Халық Сейіткамалов, тағы басқа достарымен отбасы – Отанында отырған шақтары маған Қоянды жәрмеңкесіндей көрінуші еді. Әрине, әңгіме езегі белгілі – қазақ үшін Абай санасының салмағы, көркемөнердің байырғы да қатпарлы ірімдері, тарих тағлымы.

Сәйділдің «серілік сертін» шыншыл Сәкеніне балап, Гүлбарам Батырбекқызы жүрек құпиясын Сәйділге ғана ашатын. 1964-ші жылы 70 жылдыққа орай Сәкеннің шығармаларын қайта басу үстінде «Тар жолдағы» көпес Ялымовтың ақынды шаштан жұлып, ұрған суретті «ұлттар достығына қайшы келеді» желеуімен бұл тарауды тұтас алып тастауды ұйғарысқан. Бұл «ақылға» Гүлбарам – Сәйділ тартылмаған. Интернационализмнің «супер» маманы мәскеулік Зоя Кедрина шақырылып, ЦК-да талқылау өтпекші. Аяулы Гүлбарамның Бұл суық хабарды Сәйділге жеткізудегі ойы түсінікті: тарихи қиянатқа кім араша түседі?! Сәкең жатпай-тұрмай қарсы баяндамаға әзірленеді. Шындық семсері бұл жолы да жеңіске жетіпті. –Осы ерлігім өзіме ерекше ыстық – дейтін еді. Сайыста Мәскеу мықтыларының жеңу қазақ зиялыларына сол кезең үшін мүмкін еместігі бесеңеден белгілі емес пе?, Шынында да бұл Сәкеннің ішкі-сыртқы оппоненттерінің ешқайсы төтеп бере алмаған білімдарлығы болатын.Табандылығының көрінісі еді.

Ол сонау 30-шы жылдардың бірінші жартысында-ақ жоғарғы мектепте орыс тілі мен әдебиетінің доценті, әрі кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарған. Бұл мамандықтың түйме тағуына дейін жетік білетін ол, орыс классиктері Достоевский, Гоголь, Белинскийлер арқылы адам, қоғам мәселелерінің білімпаздарымен үзеңгі қағыстырады. Үйрену мен үзеңгі қағыстыру – бір ұғым емес. СаГУ-дің түлегі Сәкең ешкімнің тісі батпаған үлкен «Махаохарада» мен «Калиганы мен Дамнасын» қазақшада жорғадай көсілтті. Кітаби ақын аудармасының жөні будан әлдеқайда бөлек екені белгілі. Жетілген әдеби тіл. Қазақ әдебиетіне Абай әкелген көркем аударма түрі сөздікке бағына бермейтін, сөйлем аумағынан биіктеп кететіні белгілі. Көркем аударманың ғылыми аспектілерімен де терең шұғылданған лингвист Сәкең Абай «өркиділі» мен Дальдің дөлдігін ұштастыра білген бұл саланың бірегей білгірі болатын. Бұған халықаралық симпозиум, конференцияларда, кезінде Мәскеу өткізіп отыратын майталман мамандардың оған берген бағасы айқын айғақ бола алады. «Уәзір Мұхтардың өлімі» сияқты күрделі де кесек туындының тіл күрмеуің қазақ тілінде шешкен «жаңалығына» - профессионализміне өзі сұқтанып, шұқшия қадалып қайталай оқып отыратын. Жүзінде шаттық сезімі ойнайтын.

Сәйділ Омарұлының тарихшылығы да Геродоттың етегін баса жығылғандай еді. Ол қазақ шежіре – тарихымен қоса көне дәуірлердің әлемдік көркем өнерге қозғау салған мифологиясын, грек трагиктері мен Эзоп тәрізді сықақшылардың тамырымен қопарып, бүгінгі өмір-өнерге өзіне әкеліп тірейтін. Айы-күні, кісі аттарына дейін математика формуласындай жадында сақтаулы еді. «Ой ағыны» стиліндегі оның әлгі ғылыми лекциялары ешқашан, ешкімді жалықтырмайтын еді. Әлкей Марғұландай ғұламаның өзі тарихи-әдеби-тілдік ешбір «ашулар» селт еткізбейтін, таңдандырмайтын - өз бигінен қарағанда – Сәйділден тың сезім, тың қуат алғандай оны тыңдағанда тыңайтып отыратын «Осынша білім Сәкеңе не үшін қажет болды екен?»- дейтін қазақтың білімпаз сыншысы М.Қ.Қаратаев сүйсінгенмен.

**Ол ауыл-аймақ, Қазақстан ғана емес, әлемдік әдебиет-мәдениеттің тас қазаның қайнатқан қазақ қоғамының қайраткері – Темірқазығы!**

# Быть хозяином на земле

Я счастлива, что много лет проработала в одном совхозе с очень известным и уважаемым в республике человеком – Александром Федоровичем Христенко. Это ветеран сельскохозяйственного труда, ак-



тивный участник освоения целинных и залежных земель, прошедший путь от рядового хлебороба до руководителя научно-исследовательского совхоза-института, от простого трудового человека до ученого.

Того, что успел сделать в своей жизни Александр Федорович, хватит на несколько поколений сельских жителей. Сорок лет, отданные Казахстану и подъему его сельскохозяйственного производства, развитию науки республики обернулись большой и продуктивной отдачей полей и ферм.

Родом из под Киева, он отслужил срочную армейскую службу на Балтике и в числе 26 демобилизованных моряков приехал по комсомольской путевке в Нуринский район. Совхоз имени Пржевальского, куда он получил направление, существовал только в документах да в мечтах первоцелинников: стояли одни палатки, тракторы ребята пригоняли за сотню километров от ближайшей железнодорожной станции. Начинали с первой борозды, а потом помогали соседям. Христенко садится за трактор, потом становится заведующим ремонтной мастерской, бригадиром тракторно-полеводческой бригады № 4, затем избирается первым секретарем райкома комсомола, что по тем временам высоко ценилось и давало большую жизненную практику.

Так и получилось – в 1960-м году в свои 24 года Александр Федорович оказался самым молодым директором целинного совхоза «Киевский». Но человек должен делать работу немного не по росту, чтобы тянуться. Под его началом трудились 500 рабочих, было 30 тысяч гектаров земли, тысяча с лишним коров, больше сотни тракторов и столько же комбайнов.

Было всякое, большей частью – хорошее. Пахали землю и сеяли хлеб, возводили животноводческие фермы, тянулись к культуре и знаниям. Совхоз «Киевский» процветал. Механизаторы трудились в 2-3 смены, имея по несколько прицепщиков для полноценной работы. Одновременно строили дома, столовую, клуб, пекарню, баню и общежитие с просторным красным уголком. Дома имели паровое отопление. Александр Федорович добился того, чтобы в каждой квартире был телефон.

Совхоз имел больницу, при ней – поликлинику. Молодых женщин опекали квалифицированные врачи. Из Киева Христенко выпросил шесть тысяч корней акаций и две тысячи саженцев высокоствольных тополей. Село Заречное среди целинных совхозов занимало в КазССР 3 место, как самое благоустроенное. В первый же год директорства было выращено столько цыплят, что не знали куда деть. Вскоре такая же ситуация повторилась с утятами. Люди бесплатно получали диетическое мясо.

Первым в области Александр Федорович начал строить парники. Совхоз развернул производство овощей, да в таких объемах, что за ними начали приезжать из Темиртау и Караганды. Стоило все это дешево, а славу первоцелинникам приносило большую. Люди гордились своим хозяйством. Крепла дружба в коллективе, формировался надежный целинный характер, о котором в последствии слагались поэмы и романы...

Много написано за эти годы и о самом Христенко. О его одержимости и глубочайшей любви к земле-кормилице, без которой он не способен был представить своего существования. Молодому директору не раз предлагали должности начальника районного и областного сельхозуправления. Но он хотел быть как можно ближе к земле. Его совершенно не прельщала жизнь в городской квартире. И он страшно не любил всякого рода совещания, всегда стремясь к конкретным результатам. Поэтому неудивительно, что последним его местом работы стала опытная сельскохозяйственная станция, преобразованная позже в Карагандинский научно-исследовательский совхоз-институт, где во всю мощь развернулась сила его таланта. такого института не было больше ни в одном регионе страны. Будучи генеральным директором, он работал до 20-ти часов в сутки, и каждый день – с новой идеей, предложениями, от осуществления которых уставали его заместители и научные сотрудники.

А Христенко неиссякаем. Он одинаково глубоко знает зерновое хозяйство и животноводство, одновременно ведет обе научные тематики. Вместо капитального ремонта коровников, он строит новые, светлые, теплые и просторные с полной механизацией приготовления и раздачи кормов, выращиванием зеленой подкормки в самые лютые морозы. Центральная усадьба совхоза-института – это целый городок. Дома – особой архитектуры, асфальт, крупный торговый центр, своя пекарня, огромный парк редких деревьев.

Никто не оставался равнодушным к его импозантной внешности: под два метра ростом, с развернутыми плечами, гордая посадка головы, четкие, запоминающиеся черты лица. Даже по походке виден характер твердый и независимый. В своей бурной, как горный поток, жизни Александр Федорович оставался совершенно безразличным к спиртному и азартным играм. Удивительно, как в одном человеке могло сочетаться столько достоинств. По труду – и честь. Наград у Александра Федоровича – целое ожерелье. Ордена Ленина и Октябрьской революции, два ордена «Знак Почета», медаль «За освоение целинных и залежных земель», лично врученная Президентом Н.А.Назарбаевым Золотая Звезда с присвоением звания «Халық Қаһарманы» - высшей степени отличия страны. Кроме того, он имел звания «Заслуженного работника сельского хозяйства Казахстана», профессора агрономии и академика Академии естественных наук Республики Казахстан.

Он являлся кандидатом экономических наук, автором более 40 научных трудов, 2 монографий, 20 авторских свидетельства на рационализаторские предложения, 6 свидетельств СССР и Казахстана на изобретения и научные открытия по сельскому хозяйству. В периодической печати им было опубликовано свыше 100 публикаций. В 2001 году к 10-летию независимости РК им была издана книга «Сельское хозяйство в сухостепной зоне Казахстана».

Все это было. А теперь Александра Федоровича Христенко больше с нами нет, он ушел из жизни 1 января 2003 года, оставив после себя неизгладимый след. В память о нем названа одна из улиц п. Киевка. Его имя носит научно-исследовательский совхоз-институт.

**Мы, заречинцы, были бы рады, если имя Александра Федоровича Христенко было бы увековечено и там, где он провел свои лучшие годы – в его родном «Киевском». Ведь должны же о нем знать и помнить потомки.**

**Т.САМОЙЛЮК,**
учитель истории Заречной СШ